ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 30 мамыр № 7119-24-00-2/6128 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«АБОЛАТОВА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Нурболат» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурболат Ногайбаевич Тыныштыков
«Supplier GZ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аскар Ержанович Жунусов
«ПРОМСЕРВИСРЕАЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «АБОЛАТОВА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, «Нурболат» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурболат Ногайбаевич Тыныштыковті, «Supplier GZ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аскар Ержанович

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 30.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Искалиева А. С., 09.07.2024
7119-24-3-1/5566

Жунусовті, «ПРОМСЕРВИСРЕАЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АБОЛАТОВА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Нурболат» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурболат Ногайбаевич Тыныштыковті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Supplier GZ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аскар Ержанович Жунусов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ПРОМСЕРВИСРЕАЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АБОЛАТОВА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен, «Нурболат» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нурболат Ногайбаевич Тыныштыковтен, «Supplier GZ» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аскар Ержанович Жунусовтен, «ПРОМСЕРВИСРЕАЛ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тең үлесте әрқайсынан 461 (төрт жүз алпыс бір) теңге 5 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 30.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.07.2024, судья Искалиева А. С., 09.07.2024